

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" ЖАҚ

Қазақстан Республикасы
Бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясымен

Келісілді

Биржалық кеңестің шешімімен
(1999 жылдың 30 сәуіріндегі № 3 хаттама)

Бекітілді

Депозиттік сертификаттарды айналысқа жіберуді рұқсат ету, бастапқы орналастыру және айналыста болу және сауда-саттық қорытындысы бойынша олармен есептесудің уақытша ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

1999

Осы Ережелер депозиттік сертификаттарды айналысқа жіберуді рұқсат ету, бастапқы орналастыру және айналыста болу және сауда-саттық қорытындысы бойынша олармен есептесудің тәртібін реттейді.

Осы Ережелерде қолданылатын ұғымдар келесіні білдіреді:

- "Биржа"** – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
- "Депозиттік сертификат"** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 1996 жылдың 19 қыркүйегіндегі № 380 қаулысымен бекітілген № 214 "Депозиттік (банктік) депозиттік сертификаттарды шығарудың және олардың айналыста болуының жалпы ережелерінде" анықталғандай;
- "Аукционға жіберу"** – депозиттік сертификаттарды биржадағы сауда-саттықта бастапқы орналастыру және қайталама айналыста болу бойынша аукционға жіберу процедурасы;
- "Биржаның корреспонденттік шоты"** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төлем жүйелері басқармасындағы № 900161427 Биржаның корреспонденттік шоты, ФАА 190201125, СТН 600200049149;
- "Биржаның есептік шоты"** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматыдағы Бас филиалындағы № 605003 Биржаның есептік шоты, 109 коды, ФАА 190501109, СТН 600200049149;
- "Сауда жүйесі"** – Биржадағы айналысқа (саудаға) жіберілген қаржы құралдары бойынша сауда-саттықты жүзеге асыруға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
- "Депозиттік сертификаттар траншасы"** – бір эмитент шығарған және шығарылымның бірдей параметрлері бар депозиттік сертификаттар (шығару және өтеу күні, шығарылым валютасы, пайыздық мөлшерлеме);
- "Эмитент шарттары"** – депозиттік сертификаттардың шығарылу, айналыста болу және өтелу тәртібін реттейтін эмитенттің нормативті құжаттары;
- "Сауда-саттық қатысушысы, қатысушы"** – депозиттік сертификаттардың биржалық сауда-саттығына жіберілген Биржа мүшесі;
- "Эмитент"** – депозиттік сертификаттардың шығарылымын жүзеге асыратын ұйым.

1 бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Сауда-саттық қатысушылары

1. Депозиттік сертификаттармен жасалатын биржалық сауда-саттыққа, ең болмағанда бір санат бойынша Биржа мүшелері болып табылатын, ұйымдар жіберіледі.
2. Депозиттік сертификаттармен биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін Биржа мүшесі осы Ережелердің 1 Қосымшасындағы форма бойынша Биржа Президентінің атына, қол таңбалар мен мөр таңбаларының үлгісі бар

Биржадағы құжаттарға сәйкес бірінші және екінші болып қол қою құқығы бар кемінде екі тұлғаның қол таңбалары қойылған және Биржа мүшесінің мөрімен бекітілген, тиісті өтінішті рәсімдеуі тиіс.

3. Сауда-саттық қатысушылары, өтінішті беру сәтіне депозиттік сертификаттары Биржадағы бастапқы орналастыруға және айналысқа жіберілген, эмитенттер шарттарымен танысуға міндетті.
4. Депозиттік сертификаттармен жасалатын сауда-саттыққа қатысушылар депозиттік сертификаттармен жасалатын операцияларды өз атынан және өз қаражатының есебінен, сондай-ақ өз клиенттерінің атынан және олардың қаражаты есебінен жүзеге асыруға құқылы.
5. Клиент атынан операцияларды жүргізу үшін сауда-саттық қатысушысы клиенттің мемлекеттік тіркеу куәлігінің нотариус растаған көшірмесін, клиент қол таңбасының және мөр таңбасының үлгісі бар құжатты Биржаға ұсынуы тиіс. Клиенттер атынан операцияны жүргізудің алдында сауда-саттық қатысушысы оларды эмитенттер шарттарымен таныстыруға міндетті.
6. Сауда-саттық қатысушыларының және олардың клиенттерінің операцияларын есептеу үшін Сауда жүйесінде жеке сауда шоттары ашылады.

2 бап. Есептесу процедуралары

Биржа сауда-саттығында сатып алынған депозиттік сертификаттарды төлеу бойынша төлемдер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жанындағы Банкаралық есептесулердің қазақстандық орталығының ірі төлемдер жүйесі арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

2 бөлім. АУКЦИОНҒА ЖІБЕРУ ТӘРТІБІ

3 бап. Депозиттік сертификаттарды Биржадағы бастапқы орналастыру және айналыста болу бойынша аукционға жіберу ("Айналысқа жіберу")

1. Белгілі бір эмитенттің депозиттік сертификаттарын аукционға жіберуге Биржалық кеңес рұқсат береді.
2. Эмитентінің шарттарымен қайталама айналыс сауда-саттығында мәмілелерді жасау кезінде меншік құқығын депозиттік сертификаттарды сатушыдан сатып алушыға қайта тіркеу үшін алым белгіленген депозиттік сертификаттар Биржадағы айналысқа жіберілуі мүмкін.
3. Айналысқа жіберу рұқсатын алу үшін эмитент Биржалық кеңеске:
 - осы Ережелердің 2 Қосымшасындағы форма бойынша өтінішті;
 - эмитентке депозиттерді тартуға рұқсат беретін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі лицензиясының нотариус растаған көшірмесін;
 - эмитент шарттарын ұсынуы тиіс.
4. Биржалық кеңес айналысқа жіберуге рұқсат бергеннен кейін Биржа барлық сауда-саттық қатысушыларын эмитент шарттары бар депозиттік сертификаттармен таныстырады және олардан танысқандары туралы жазбаша растауларды жинайды.
5. Эмитент шарттарына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар оларды қабылдау күнінен бастап үш күннен кешіктірмей және оларды қолданысқа енгізу күніне үш күн қалғанда кешіктермей Биржаға ұсынылуы тиіс.
6. Депозиттік сертификаттардың жеке траншаларын айналысқа жіберу осы Ережелердің 3 қосымшасындағы форма бойынша эмитент ұсынатын хабарлама негізінде Биржа Басқармасы жүзеге асырады.

7. Депозиттік сертификаттар траншаларын айналысқа жіберу туралы хабарламада депозиттік сертификаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс: эмитенттің толық атауы, өтеу күні, шығарылым валютасы, депозиттік сертификаттарды шығару көлемі, бір депозиттік сертификаттың құны. Депозиттік сертификаттардың шығарылып үлгерген траншасын айналысқа жіберу кезінде хабарламада депозиттік сертификаттар бойынша белгіленген пайыздық мөлшерлеме көлемі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.
8. Биржа сауда-саттығына жіберілген депозиттік сертификаттардың әрбір траншасының айналыс шарттары осы Ережелердің 4 қосымшасы формасындағы маманданымда сипатталған.
9. Траншасына байланысты депозиттік сертификаттарға $X_1X_2X_3X_4X_5X_6X_7X_8X_9X_{10}X_{11}X_{12}$ сауда коды беріледі, мұнда $X_1X_2X_3X_4$ – Биржа Басқармасының шешімімен берілетін эмитент коды, X_5 – шығарылым валютасының коды (К – қазақстандық теңге, U – АҚШ доллары, E – Еуро, D – ГФР маркасы, Y – япондық иена), $X_6X_7X_8X_9X_{10}X_{11}$ – депозиттік сертификатты өтеу күні (X_6X_7 – күні, X_8X_9 – айы, $X_{10}X_{11}$ – жылы), X_{12} – нарық коды (P – бастапқы орналастырудың таңбасы, бастапқы орналастыру аукционын өткізгеннен кейін P таңбасы S – қайталама айналыс таңбасына ауысады).

3 бөлім. БАСТАПҚЫ ОРНАЛАСТЫРУ

4 бап. Бастапқы орналастыруды өткізу мерзімі

1. Биржа сауда-саттығында депозиттік сертификаттардың бастапқы орналастыру аукционын ұйымдастыру үшін эмитент аукционды өткізу күніне кемінде үш күн қалғанда Биржаға тиісті хабарламаны ұсынуы тиіс.
2. Аукционға кемінде екі жұмыс күні қалғанда Биржа барлық мүшелеріне депозиттік сертификаттардың бастапқы орналастырылуы болатынын хабарлайды.
3. Депозиттік сертификаттардың бастапқы орналастыру аукционын өткізу регламентін Биржа Басқармасы эмитентпен келістіріп белгілейді.

5 бап. Депозиттік сертификаттарды бастапқы орналастыру аукционын өткізу

1. Депозиттік сертификаттардың бастапқы орналасу аукционында орналасуы атаулы құны бойынша жүзеге асырылады; сатып алуға берілген өтінімде құн ретінде жылдық өлшемдегі қалаулы пайыздық мөлшерлеме көрсетілуі тиіс.
2. Бастапқы орналастыру бойынша акцион осы баптың 3-10 тармақтарында көрсетілген әрекеттердің орындалуын қарастырады.
3. Депозиттік сертификаттарды бастапқы орналастыру бойынша аукционды өткізу күні өтінімдерді қабылдау кезеңін өткізуге арналған уақыт белгіленеді, бұл уақыт аралығында Сауда жүйесі сатып алуға берілген өтінімдерді ғана өңдейді.
4. Депозиттік сертификаттарды сатып алу үшін өтінімдерді беру Сауда жүйесі арқылы жүзеге асырылады.
5. Сатып алу үшін өтінімдерді беру оны берген қатысушының депозиттік сертификаттарды өтінімде көрсетілген және одан төмен бағаға сатып алуға келісім бергендігінің қажетті әрі жеткілікті дәйегі болып табылады.
6. Өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін Биржа сатып алуға берілген өтінімдерді қабылдауды аяқтайды және баға бойынша сұрапталған, сатып алуға өтінім берген сауда-саттық қатысушыларының атауын көрсетпей, берілген өтінімдердің жиынтық ақпаратімін қалыптастырады.

7. Жиынтық ақпаратізім, осы Ережелердің 5 Қосымшасындағы форма бойынша сенімхаты бар, эмитенттің уәкілетті өкіліне кесімді баға және орналастыру көлемі туралы шешім қабылдау үшін беріледі.
8. Жиынтық ақпаратізімді алғаннан кейін бір сағат арасында эмитенттің уәкілетті өкілі сату өтінімін Биржаға береді немесе бастапқы орналастыру бойынша аукционның болмайтынын хабарлайды.
9. Сатып алу өтінімдерін қанағаттандыру бір баға – кесімді баға бойынша жүзеге асырылады. Егер орналастыру көлемі кесімді баға бойынша берілген өтінімдер көлемінен кем болса, кесімді бағадан төмен бағалы өтінімдер бірінші кезекте қанағаттандырылады, бұдан кейін кесімді баға бойынша берілген өтінімдер Сауда жүйесіне келіп түсу тәртібіне қарай қанағаттандырылады. Бұл ретте кесімді баға бойынша берілген өтінімдер, бір депозиттік сертификаттың атаулы құнының жартылай көлемінде ғана қанағаттандырылуы мүмкін.
10. Депозиттік сертификаттардың бастапқы орналасуы бойынша өткізілген аукцион нәтижелері бойынша Биржа, жасалған мәмілелерге қатысты есептесулерді жүзеге асырудың негіздемесі болып табылатын, биржалық куәліктерді рәсімдейді.

6 бап. Бастапқы орналастыру аукционының нәтижелері бойынша есептесулер

1. Депозиттік сертификаттарды орналастыру бойынша аукционды өткізу күнінен кейінгі екінші жұмыс күні (Т+2 күні) Алматы уақытымен 16.30 дейін Сауда-саттық қатысушысы – депозиттік сертификаттарды сатып алушы сатып алған депозиттік сертификаттарды төлеу үшін Биржаның корреспонденттік шотына ақша аударуға міндетті.
2. Биржа Т+2 күні Алматы уақытымен 17.30 дейін өзінің комиссиялық сыйақысын ұстап қалып, түскен ақшаны эмитенттің корреспонденттік шотына аударады және оған депозиттік сертификаттар сатып алушыларының жиынтық ақпаратізімін береді.
3. Депозиттік сертификаттарды орналастыру бойынша аукционды өткізу күнінен кейінгі үшінші жұмыс күні (Т+3 күні) эмитент және Сауда-саттық қатысушысы – депозиттік сертификаттарды сатып алушы және/немесе оның клиенті эмитент шарттарында белгіленген тәртіпте депозиттік сертификаттарды беруді/алуды рәсімдеуге тиіс.

7 бап. Комиссиялық сыйақы

Депозиттік сертификаттарды орналастыру бойынша аукционды ұйымдастырғаны үшін Биржа депозиттік сертификаттардың төленген сомасынан 0,1% көлемінде эмитенттен комиссиялық сыйақыны ұстап қалады.

4 бөлім. ҚАЙТАЛАМА АЙНАЛЫС

8 бап. Депозиттік сертификаттардың қайталама айналыс сауда-саттығы

1. Депозиттік сертификаттармен қайталама сауда-саттық регламентін Биржа Басқармасы анықтайды.
2. Депозиттік сертификаттардың қайталама айналысы бойынша сауда-саттық үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен жүзеге асырылады.
3. Биржалық сауда-саттық нәтижелері бойынша есептесуді өткізуге негіз болатын биржалық куәліктер рәсімделеді.

9 бап. Жасалған мәмілелер бойынша есептесулер

1. Қайталама айналыс сауда-саттығында жасалған, депозиттік сертификаттар мәмілелері бойынша есептесулер эмитенттік корреспонденттік шоты арқылы жүзеге асырылады.
2. Депозиттік сертификаттардың қайталама айналыс сауда-саттығы өткізілген күні Алматы уақытымен 17.30 дейін Биржа, ақшалай және депозиттік сертификаттардағы нетто-талаптары/міндеттемелері бар, Биржа сауда-саттығында жасалған мәмілелер негізінде құралған, ұйымдардың жиынтық ақпартізімін эмитентке береді.
3. Биржа сауда-саттығында сатып алынған депозиттік сертификаттарды төлеу бойынша нетто-міндеттемелері бар сауда-саттық қатысушылары мәмілені жасау күнінен кейінгі жұмыс күні (Т+1 күні) Алматы уақытымен 16.30 дейін ақшаны эмитенттің корреспонденттік шотына аударуға міндетті.
4. Т+1 күні 18.00 дейін сауда-саттық қатысушылары эмитент шарттарына сәйкес меншік құқығын аударуды тіркеулері тиіс. Әр айдың бесінші жұмыс күніне дейін эмитент Биржада жасалған мәмілелер бойынша өткізілген есептесулер туралы өткен айға жиынтық ақпартізімді Биржаға ұсынуы тиіс.
5. Биржа сауда-саттығында сатылған депозиттік сертификаттарды төлеу ретінде эмитентке түскен ақшаны эмитент депозиттік сертификаттар сатушының банктік шотына мәміле жасалған күннен кейінгі екінші жұмыс күннен кешіктірмей аударуы тиіс.

10. Комиссиялық сыйақы

1. Депозиттік сертификаттардың қайталама айналыс сауда-саттығында жасалған мәмілелер бойынша Биржа сауда-саттық қатысушыларынан-депозиттік сертификаттарды сатып алушылардан 0,05% көлемінде, осы баптың 3 тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, комиссиялық сыйақыны өндіріп алады.
2. Қайталама айналыс сауда-саттығында жасалған, депозиттік сертификаттармен мәмілелер бойынша Биржаның комиссиялық сыйақысын төлеу Биржаның есептік шотына, сатып алынған депозиттік сертификаттарды төлеу үшін белгіленген мерзімде аудару арқылы жүзеге асырылады.
3. Бастапқы орналастырылуы Биржаның сауда-саттығында жүзеге асырылған және эмитенттері Биржаның листинглік компаниялары болып табылатын, депозиттік сертификаттармен жасалған, қайталама нарықтағы мәмілелер бойынша комиссиялық сыйақы алынбайды.

5 бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІК

11 бап. Есептесу мерзімдерін және тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік

1. 6 баптың 1 тармағында және 9 баптың 3 тармағында белгіленген есептесу мерзімдерін бұзу жағдайында, сондай-ақ, депозиттік сертификаттарды сатуға мәміле жасаған, қайталама нарықтың сауда-саттық қатысушысында есептесулерді жүргізу күні депозиттік сертификаттары болмаса, мәміле депозиттік сертификаттардың орындалмаған төлемі/жеткізілімі сомасына жойылған болып есептеледі. Кінәлі тарап мәміле сомасынан 0,2% көлемінде айыппұл төлейді. Бұл ретте кінәлі тараптың Биржаның комиссиялық сыйақысын төлеу бойынша міндеттемесі сақталады.
2. 6 баптың 2 тармағында, 9 баптың 5 тармағында және 10 баптың 2 тармағында белгіленген есептесу мерзімдері бұзылған жағдайда кінәлі тарап орындалмаған төлем сомасынан 0,1% мөлшерде мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлейді.

3. 6 баптың 3 тармағында және 9 баптың 4 тармағында белгіленген есептесу тәртібін сауда-саттық қатысушысы бұзған жағдайда, кінәлі тарап мәміле сомасынан 0,05% мөлшерде мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлейді.
4. Қайталама айналыс сауда-саттығында жасалған, депозиттік сертификаттарды сатып алу/сату мәмілелерін тіркеуді жүргізуден эмитент негізсіз бас тартса, салдары есептесудің уақытында өтікізілмегендігіне әкеліп соқтырса, эмитент мәміле сомасынан 1% көлемінде, төлеу күнінде шетел валютасымен жасалған сауда-саттықтың қорытындылары бойынша Биржаның орташа сараланған бағамымен қазақстандық теңге баламасындағы 200 (екі жүз) АҚШ долларынан кем емес және қазақстандық теңге баламасымен 1000 (бір мың) АҚШ долларынан артық түспейтін айыппұлды төлеуге міндетті.

Президенттің м.а.

Д.Б. Қарасаев

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ

Ө Т І Н І Ш

Біздің, /Биржа мүшесінің толық атауы/, депозиттік сертификаттармен сауда-саттыққа қатысуымызға рұқсат етуіңізді сұраймыз.

Депозиттік сертификаттарды айналысқа жіберуін, бастапқы орналастыруын және айналыста болуын және сауда-саттық қорытындысы бойынша олармен есептесуді реттейтін, Биржаның ішкі нормативті актілерінде белгіленген, барлық нормаларды сақтауға міндеттіміз.

Депозиттік сертификаттардың шығарылуын, айналысын және өтелуін реттейтін ішкі құжаттармен /эмитенттер тізімімен/ танысқанымызды растаймыз.

Бірінші жетекші

Бас есепші

М.О.

2 қосымша

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Биржалық кеңесі

Ө Т І Н І Ш

Біз, /Ұйымның толық атауы/, 1999 жылдың "___"_____ бастап депозиттік сертификаттардың айналысын Биржалық сауда-саттыққа жіберуіңізді сұраймыз.

Депозиттік сертификаттарды айналысқа жіберуін, бастапқы орналастыруын және айналыста болуын және сауда-саттық қорытындысы бойынша олармен есептесуді реттейтін Биржаның ішкі нормативті актілерінің қолданыстағы барлық нормаларымен келісеміз.

Бірінші жетекші

Бас есепші

М.О.

3 қосымша

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ

Х А Б А Р Л А М А

(депозиттік сертификаттарды бастапқы орналастыру бойынша аукционды ұйымдастыруға арналған)

№__ траншалы депозиттік сертификаттарды бастапқы орналастыру бойынша аукционды 1999 жылдың "___"_____ мынадай айналыс параметрлерімен ұйымдастыруыңызды сұраймыз:

шығарылым күні:

өтеу күні:

пайызды төлеу күні:

шығарылым валютасы:

шығарылым көлемі:

бір депозиттік сертификаттың атаулы құны:

бастапқы айналыс кезінде эмитенттің сатып алушыдан өндіріп алатын эмиссиялық алым мөлшері:

Бірінші жетекші

Бас есепші

М.О.

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ

Х А Б А Р Л А М А

(шығарылған депозиттік сертификаттарды айналысқа жіберуге арналған)

№__ траншалы депозиттік сертификаттарды қайтала айналысқа 1999 жылдың "___"_____ бастап мынадай айналыс параметрлерімен жіберуіңізді сұраймыз:

шығарылым күні:

өтеу күні:

пайызды төлеу күні:

шығарылым валютасы:

шығарылым көлемі:

бір депозиттік сертификаттың атаулы құны:

пайыздық мөлшерлеме:

Бірінші жетекші

Бас есепші

М.О.

ДЕПОЗИТТІК СЕРТИФИКАТ МАМАНДАНЫМЫ

Құрал: депозиттік сертификат /Эмитенттің толық атауы/

Шығарылым валютасы:

Шығарылым күні:

Өтеу күні:

Пайыздық мөлшерлеме:

Қайталама нарықтағы биржаның комиссиялық сыйақысы:

Қайталама айналыс сауда-саттығындағы баға белгілеу:

сатып алуға-сатуға берілген өтінімдерде баға ретінде депозиттік сертификаттың номиналына пайызбен берілген баға көрсетілуі тиіс, бағаның құрамында депозит бойынша жинақталған пайыздар болуы тиіс

Эмитенттің корреспонденттік шоты

Бастапқы орналастыру бойынша мәміле сомасы:

$N * Rp$

Қайталама айналыс сауда-саттығындағы мәміле сомасы:

$N * Ps / 100 * Rs,$

мұнда:

N – сатып алынатын депозиттік сертификаттардың атаулы құны;

Rp – шетел валюталарымен сауда-саттық қорытындылары бойынша, бастапқы орналастыру аукционын өткізу күнінен кейінгі екінші жұмыс күні белгіленген, биржаның орташа сараланған бағамы;

Ps – қайталама айналыс сауда-саттығында жасалған мәміленің, құрамында депозит бойынша жинақталған пайыздары бар, пайызбен көрсетілген бағасы;

Rs – мәміле жасалған күні белгіленген шетел валюталарымен сауда-саттық қорытындылары бойынша биржаның орташа сараланған бағамы;

5 қосымша

Трейдерлерге берілетін

С Е Н І М Х А Т

(баспа әріптерімен немесе баспа машинкасымен толтырыңыз; жетпегенін жазыңыз, артығын сызып тастаңыз)

Эмитент (толық атауы)	Бет (беттің реттік нөмірі)
	Бастап қолданыста (күні)
	Бұрын берілгенге қосымша
	Бұрын берілгеннің орнына

№№	Лауазымы, телефоны	Аты-жөні, тегі	Қол таңба үлгісі

Жоғарыда көрсетілген тұлғалар, биржаның ішкі құжаттарына сәйкес кесімді баға және эмитенттегіміздегі депозиттік сертификаттарды бастапқы орналастырудың көлемі туралы шешімді қабылдау үшін және біздің сауда-саттыққа қатысуымызға байланысты басқа да әрекеттерді орындау үшін, біздің атымыздан Қазақстан қор биржасы сауда-саттығына қатысуға уәкілетті.

Жоғарыда аталған тұлғалардың осы құжатта көрсетілген уәкілеттіліктерінен туындайтын әрекеттері үшін жауапкершілікті толық мойнымызға аламыз.

Бірінші жетекші
(лауазымы)

_____ (аты-жөні, тегі)

Бас есепші

_____ (аты-жөні)

М.О.